



Qazaqstan
halqyna

**2022 ЖЫЛҒЫ «FORTEBANK» АҚ-ДА
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ
ҚОРЫНЫҢ ДОНОРЛАР ПУЛЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ
МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**



Бұл есеп жеке банктің бөлінісінде дайындалды, өйткені донорлар аударған қаражатты мақсатты пайдалану әрбір донор үшін жеке ұсыну мүмкін емес. Алайда, Қор донорлардың қаражаты аударылатын банктердің әрқайсысы бойынша донорлардың қаражатын мақсатты пайдалану бойынша есеп жүргізеді. Қаражатты қандай да бір банкке аударған донорлардың әрқайсысы Қордың барлық қайырымдылық бастамаларын қаржыландыруға тең дәрежеде қатысады деп болжанады




2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - 131 786 022 269,67 ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ 20,36% ҚОРДЫҢ «FORTEBANK» АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ
ШОТЫНА АУДАРЫЛДЫ 26 824 908 586,99 теңге



2022 жылы ірі донорлардан түсетін түсімдер, теңге




2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - **131 786 022 269,67** ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ **20,36%** ҚОРДЫҢ «FORTEBANK» АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНА
АУДАРЫЛДЫ **26 824 908 586,99** теңге



Қордың басқа банктердегі шоттарына түсімдер **104 961 113 682,68** теңге

2022ж.
«FORTEBANK»
АҚ-на түсімдер
26 824 908 586,99
теңге



01.01.23ж. «FORTEBANK» АҚ-дағы қаражат қалдығы **18 935 892 279,79** теңге

2022ж. қайырымдылық бастамаларын қаржыландыру **7 889 016 307,2** теңге



7 889 016 307,20 теңге

2022 ЖЫЛЫ «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

(4 345 844 830,97 теңге; 55,09%)

Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу
– 2 743 936 186,66 теңге

Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас)
инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен
қамтамасыз ету – 437 725 582,5 теңге

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды
роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен)
қамтамасыз ету – 4 500 000 теңге

Тамыр патологиясы бар балаларға медициналық көмек
көрсету
– 6 144 000 теңге

Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар
балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру
– 690 381 002,10 теңге

Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру
– 323 224 823,59 теңге

Шетелдік клиникаларда ауыр жағдайдағы науқастарды
емдеу – 139 933 236,12 теңге

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

(23 432 352 теңге; 0,3%)

«Тұсау кесер» жобасы – 23 432 352 теңге

БІЛІМ БЕРУ

(3 234 313 960 теңге; 41%)

Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту
– 3 234 313 960 теңге

СПОРТ

(267 668 164,23 теңге; 3,39%)

- «24 балалар спорт залы» жобасы – 210 930 664,23 теңге;
- ҚР спортшыларын пара-жеңіл атлетикаға дайындау және қатысу үшін спорттық және жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету – 56 737 500 теңге

ТЖ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚҚА КӨМЕК

(9 000 000 теңге; 0,11%)

Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету
– 9 000 000 теңге

АТАУЛЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

(210 930 664,23 теңге; 0,11%)

11 мамандандырылған медициналық төсек және 14 науқасқа арналған 3 төсек-орын лифті сатып алу – 210 930 664,23 теңге

7 889 016 307,20 теңге

2022 ЖЫЛЫ «FORTEBANK» АҚ-дағы ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ


№	Қайырымдылық бағдарламаның/жобасы атауы	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	Жалпы құны, теңге	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
1	Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу	2 743 936 186,66	34,78	30 000 000 000,00	9,15
2	Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	437 725 582,50	5,55	1 568 000 000,00	27,92
3	Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету	4 500 000,00	0,06	117 000 000,00	3,85
4	Тамыр патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсету	6 144 000,00	0,08	20 480 000,00	30,00
5	Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру	690 381 002,10	8,75	1 018 420 576,00	67,79
6	Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру	323 224 823,59	4,10	870 273 144,00	37,14
7	Шетелдік клиникаларда ауыр жағдайдағы науқастарды емдеу	139 933 236,12	1,77	275 754 050,00	50,75
8	«Тұсау кесер» жобасы	23 432 352,00	0,30	37 494 066,00	62,50
9	Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту	3 234 313 960,00	41,00	4 250 000 000,00	76,10
10	«24 балалар спорт залы» жобасы	210 930 664,23	2,67	234 687 045,00	89,88
11	ҚР спортшыларын пара-жеңіл атлетикаға дайындау және қатысу үшін спорттық және жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	56 737 500,00	0,72	113 475 000,00	50,00
12	Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету	9 000 000,00	0,11	2 118 000 000,00	0,42
13	11 мамандандырылған медициналық төсек және 14 науқасқа арналған 3 төсек-орын лифті сатып алынды	8 757 000,00	0,11	8 757 000,00	100,00
	БАРЛЫҒЫ	7 889 016 307,20	100,00	40 632 340 881,00	



**Qazaqstan
halqyna**

7 889 016 307,20 теңге

2022 ЖЫЛЫ «FORTEBANK» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



- Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету
- Тамыр патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсету
- Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету
- Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру
- Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру
- «Тұсау кесер» жобасы
- «24 балалар спорт залы» жобасы
- Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту
- Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу
- Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету
- ҚР спортшыларын пара-жеңіл атлетикаға дайындау және қатысу үшін спорттық және жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету
- Шетелдік клиникаларда ауыр жағдайдағы науқастарды емдеу
- 11 мамандандырылған медициналық төсек және 14 науқасқа арналған 3 төсек-орын лифті сатып алынды



Qazaqstan
halqyna

ОРФАНДЫҚ АУРУЛАР БОЙЫНША ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ САТЫП АЛУ

2022 жылы Қор «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан орфандық аурулары бар **25** пациентті, оның ішінде **12** баланы келесі дәрілік заттармен қамтамасыз етті:

- Туа біткен орфандық «Липодистрофия» ауруы бар Атырау облысынан 2015 ж. т. және 2016 ж. т. 2 пациентке «Миалепта» («Метрелептин») препараты;
- Нейробластома диагнозы қойылған «ПжБХФО» АҚ және «УМС» КҚ пациенттері болып табылатын 9 балаға Карзиба (Динутуксимаб бета);
- Тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісінуі бар Павлодар, Жамбыл, Қостанай облыстарынан 4 пациентке арналған «Цинрайз» 500МЕ;
- Онкологиялық аурумен ауыратын науқасқа «Лорбрена» (Лорлатиниб);
- Онкологиялық аурумен ауыратын науқасқа «Китруда» (Пембролизумаб);
- Жасөспірімдік идиопатиялық артритпен ауыратын науқасқа «Ремсима» (Инфликсимаб (Inflixmab));
- Онкологиялық аурумен ауыратын 1959 ж. және 1961 ж.т. 2 науқас пациентке «Атезолизумаб» (Тецентрик);
- Өкпе Лимфангиолейомиоматозы бар Павлодар облысынан пациентке «Рапамун» (ХПА Сиролимус) препараты;
- Онкологиялық ауруы бар 1968 ж.т. науқасқа «Алунбриг» (Бригатиниб);
- «Жұлын бұлшықет атрофиясы» диагнозы қойылған балаға «Золгенсма» (Онасемноген абепарвовек) ;
- Гомоцистеинуриясы бар науқасты қамтамасыз ету үшін «Цистадан» (ХПА Бетаин).

Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
30 000 000 000	2 743 936 186,66	34,78%	9,15%



Qazaqstan
halqyna

МҮГЕДЕКТИГІ БАР БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ (14-29 ЖАС) ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2022 жылы «Medicare International» ЖШС және «Фармас» ҚБ (ҚР-дағы Ottobock өкілі) Қордың іске асыру жөніндегі серіктестерімен бірлесіп, пәнаралық топтың қорытындысы негізінде инновациялық протездерді іріктеу әдістемесіне сәйкес Қордың 70 өтініш берушісі – инновациялық протездерді әлеуетті алушыларға консультациялар өткізілді. Консультациялар нәтижесінде **66** азаматқа жеке протездер дайындау мақұлданды, оның ішінде балалар (18 жасқа дейін) – **24**, жастар (18 жастан 29 жасқа дейін) – **42**. Қор 220 775 394 теңге сомасына **51** жеке инновациялық аяқ протезін (жамбас - 20, жіліншік - 16) және 330 127 400 теңге сомасына **15** қол протезін дайындауды қаржыландырды.

Қайырымдылық бағдарламасының жалпы құны

1 568 000 000 теңге болғанда, 27,92%-ы 2022 жылы Қордың «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асырылды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
1 568 000 000,00	437 725 582,50	5,55%	27,92%



ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ РОБОТТАНДЫРЫЛҒАН ҚҰРАЛДАРМЕН (ЭКЗОСКЕЛЕТТЕРМЕН) ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Экзоскелеттерді іріктеу экзоскелет киюге қарсы көрсетілімдердің болуы немесе болмауы туралы көпсалалы топтың қорытындысын ұсынатын Ұлттық балалар оңалту орталығының (ҰБОО) базасында жүзеге асырылады.

«Cyberfund» ҚҚ техникалық оңалту құралдарына қажеттілік бойынша медициналық тексеру бойынша қамқорлыққа алынғандарды дайындау және толық

сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды; оңалтуда экзоскелетті пайдалану үшін жаттығулар кешенін күнделікті сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын; ҰБОО-да

қамқорлыққа алынғандарға консультациялар жүргізгені үшін ақы төлеуді және қамқорлыққа алынғандарды оңалту құралдарын пайдалануға және қолдануға дайындауға жәрдемдесуді жүргізеді.

2022 жылы ҚР түрлі өңірлерінен келген 13 баланың ішінен Астанада тұратындар экзоскелеттерді бірінші болып алды: БЦП бар 3 пациент және орталық жүйке жүйесінің туа біткен ақауы және гидроцефалиясы бар 1 пациент.

2022 жылы Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 4 500 000 теңге аударылды, бұл осы бағдарламаның жалпы іске асырылуының 3,85%-ын құрайды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
117 000 000	4 500 000	0,06%	3,85%



Qazaqstan
halqyna

ТАМЫР ПАТОЛОГИЯСЫ БАР БАЛАЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Бұл қайырымдылық бағдарламаның мақсаты: балалардағы туа біткен қан тамырлары патологиясы мәселесін шешу, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан гемангиома диагнозы бар 18 жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек көрсету: мүгедектігі бар балалар; көп балалы отбасылардан шыққан балалар; толық емес отбасылардан шыққан балалар; аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар; мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар; ата-аналарының бірінде мүгедектігі бар балалар. Бұл бағдарламаны іске асырудың серіктесі қан тамырлары патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсететін Ағабек Қарабеков атындағы Қоғамдық Қордың әлеуметтік медициналық орталығы болып табылады. Есепті кезеңде тамырлы патология (гемангиома, капиллярлық дисплазия, Ангиодисплазия, көктамырлық мальформация) диагнозы қойылған 128 бала тіркелді, оның ішінде 2022 жылғы 31 желтоқсанда 87 бала дәрілік терапияны және лазерлік емдеуді аяқтады, 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін 41 баланы емдеу жоспарланған.

Осы бағдарламаның жалпы бюджеті 20 480 000 теңгені құрады.

01.01.2023 ж. осы қайырымдылық бағдарламасын іске асырудың нақты үлесі Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан аударылған 6 144 000 теңге мөлшерінде 30%-ды құрайды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
20 480 000	6 144 000	0,08%	30%



**Qazaqstan
halqyna**

АУТИЗМ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МЕНТАЛДЫ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚТАРДЫ ЖАРАҚТАНДЫРУ

Аталған қайырымдылық жобасының мақсаты аутизмі бар және басқа да респунменталды бұзылысы бар балаларға арналған **8** орталықты материалдық-техникалық жарақтандыру, инфрақұрылымды дамыту және 8 қалада: Алматы, Шымкент, Қостанай, Тараз, Өскемен, Ақтөбе, Талдықорған, Павлодар орталықтарының қызметкерлерін оқыту болып табылады. Жоба серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылуда: «Қамқорлық Қоры» КҚ, «Самұрық-Қазына Траст» КҚ, «Нұрсұлтан Назарбаев Қоры» ЖҚ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, тиісті өңірлердің әкімдіктері.

Осы жобаның жоспарланған нәтижесі: жалпы қамтылуы - аутизмі және басқа да ақыл-ой кемістігі бар 1000 бала болған жағдайда әрбір кешенді қызмет көрсету орталығын жыл сайын 125 балаға ұсыну.

Барлық орталықтардың ашылуы 2023 жылдың қыркүйегіне дейін жоспарланған. Осы жобаның жалпы бюджеті 1 018 420 576 теңге мөлшерінде, 2022 жылғы 11 шілде – 28 желтоқсан кезеңінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 690 381 002,10 теңге мөлшерінде төлемдер жүргізілді, бұл жобаның жалпы іске асырылуының 67,79%-ын құрайды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
1 018 420 576	690 381 002,10	8,75%	67,79%



**Qazaqstan
halqyna**

ЕРТЕ АРАЛАСУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ

Осы қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде дамуында бұзылысы және олардың пайда болу қаупі бар балалардың дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап ойдағыдай дамуы үшін жағдай жасау мақсатында 13 өңірде (Алматы, Шымкент, Қостанай, Тараз, Өскемен, Түркістан облысы Қабланбек ауылы, Талдықорған, Павлодар, Қарағанды, Петропавл, Арал, Орал, Атырау) ерте араласу орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізіледі. Күтілетін нәтижелер: жыл сайын әр орталықта 600 бала мен отбасы қызмет алады, жалпы қамтылуы - жылына 7800 бала. Барлық орталықтардың ашылуы 2023 жылдың қыркүйегіне дейін жоспарланған.



Жобаны іске асыру бойынша серіктестер: «Қамқорлық Қоры» КҚ, «Самұрық-Қазына Траст» КҚ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, тиісті өңірлердің әкімдіктері.

Жалпы бюджет 870 273 144 теңге мөлшерінде, 2022 жылы жобаның іске асырылуы 37,14%–ын құрайды, 2022 жылғы 29 шілде-22 желтоқсан кезеңінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 323 224 823,59 теңге мөлшерінде төлемдер жүргізілді.

Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
870 273 144	323 224 823,59	4,1%	37,14%



Qazaqstan
halqyna

ШЕТЕЛДІК КЛИНИКАЛАРДА АУЫР ЖАҒДАЙДАҒЫ НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕУ

2022 жыл ішінде Қор 5 ерекше жағдайда шетелдік емдеуде атаулы қайырымдылық көмек көрсетті:


1 пациентке арнайы рейспен (Корея Республикасы) халықаралық әуе тасымалы ұйымдастырылды;

2017 ж.т. 1 пациентке асқазан-ішек жолдарының дамуының туа біткен ақауы бар науқас «Н.И. Пирогов атындағы Ресей ұлттық зерттеу медициналық университеті» клиникасына (Мәскеу, РФ) қысқа ішек синдромындағы реконструктивті операцияға жіберілді;

2011 ж.т. 1 пациентке Н.Ф. Филатов атындағы № 13 балалар қалалық клиникалық ауруханасында (Мәскеу, РФ) емделу ақысы төленді;

2 пациентке түрік клиникаларында (Ыстанбұл, Түркия) емделуде қайырымдылық көмек көрсетілді.

Бағдарламаның жалпы құны 275 754 050 теңге болғанда 2022 жылғы 12 сәуір – 23 желтоқсан кезеңінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан жалпы құнның 50,75%-ы және 139 933 236,12 теңге мөлшерінде жалпы төлемдердің 1,77%-ы іске асырылды.



Бағдарламаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
275 754 050	139 933 236,12	1,77%	50,75%



«ТҰСАУ КЕСЕР» жобасы

«Тұсау кесер» қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дене шынықтыру-сауықтыру үйірмелері (ДСҮ) ашылды, еліміздің 5 өңірінде (Семей, Алматы, Шымкент, Атырау, Астана) спорттың бес түрі: бокс, армрестлинг, каратэ, ауыр атлетика және «жекпе-жек» бойынша тегін сабақтарға арналған 5 зал жарақтандырылды. Барлық спорт түрлері мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы бейімделген, сабақтар кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті оңалту мамандарының бақылауымен арнайы оқытылған әдістеме бойынша өтеді. Жобаны іске асыру бойынша серіктес «Жас-Жауынгер» қоғамдық қоры болып табылады.

2022 жылғы 15 шілде – 28 желтоқсан кезеңінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан осы қайырымдылық жобасы бойынша міндеттемелерді орындау есебіне 23 432 352 теңге аударылды, бұл жобаның жалпы құнының 62,5%-ын құрайды.



Бағдарларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
37 494 066	23 432 352	0,3%	62,5%



АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ

Еліміздің мықты мектептерімен тығыз серіктестікте ауыл тірек мектептерін дамытудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауылдық мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру және педагогтардың кәсіби дамуына тең жағдай жасау есебінен аумақтық және әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға жәрдемдесу мақсатында жоба ҚР барлық облыстарындағы 17 мектепте іске асырылды.

Іске асыру шеңберінде жобаға қатысатын әрбір мектеп мектепалды даярлық және робототехника кабинеттерін, мультимедиялық кабинет пен STEM-зертхананы, заманауи жаңа зертханасы бар физика және химия кабинеттерін және басқаларын қоса алғанда, білім берудің барлық пәндері мен бағыттары бойынша жаңа заманауи модификация кабинеттерін алды, оның ішінде жоба шеңберінде мектептің әкімшілік кабинеттері мен шаруашылық блогынан бөлек мектептің акт залы және спорт залында, мұғалімдер кабинеті және асханада жиһаз және жабдық жаңартылды.

2022 жылғы 12 тамыз – 30 желтоқсан кезеңінде жобаны іске асыру мақсатында Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 3 234 313 960 теңге аударылды, бұл жобаның жалпы құнының 76,1%-ын құрайды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
4 250 000 000	3 234 313 960	41%	76,1%



**Qazaqstan
halqyna**

24 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ

Еліміздің шалғай елді мекендерінде спортқа қолжетімділік деңгейі төмен аз қамтылған, ауқаты төмен көп балалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ даму ерекшелігі (инклюзивтілігі) бар 5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін балалар спортының қолжетімділігін арттыру мақсатында.

2022 жылдың 31 желтоқсанына жоба аясында «Батыр боламын» ҚҚ іске асыру бойынша серіктесімен бірлесіп келесі өңірлерде 3500 баланы қамтитын балалар спорт залдары жарақтандырылды:

- Ақмола облысы Тасты ауылы;
- Алматы облысы Ауват а., Черкасск а., Қазақстан а., Чапаев а.;
- Атырау облысы Доссор қала үлгісіндегі ауыл, Бөдене а.;
- Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласы, АқпATER ауылы, Дарьинск ауылы, Бұлан ауылы, Қарауылтөбе ауылы;
- Қарағанды облысы Изенді кенті, Талап ауылы, Жезді кенті, Ақмешіт кенті;
- Қостанай облысы Новотроицкое кенті;
- Маңғыстау облысы Бейнеу кенті, Ақжігіт кенті, Сенек кенті, Үштаған кенті;
- Түркістан облысы қақпақ кенті, Қарақұр кенті;
- Солтүстік Қазақстан облысы Покровка кенті.

Осы қайырымдылық жобаның жалпы құнының 89,88%-ын іске асыру шеңберінде 2022 жылғы 21 шілде-28 желтоқсан кезеңінде 234 687 045 теңге мөлшерінде Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 210 930 664,23 теңге аударылды.



Бағдарларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
234 687 045	210 930 664,23	2,67%	89,88%



ҚР СПОРТШЫЛАРЫН ПАРА-ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАҒА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ҮШІН СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ЖҮГІРУ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Пара жеңіл атлетика спорттық бағытын дамыту және қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитеті және «Фармас» ЖШС серіктестерімен бірлесіп қайырымдылық бағдарламамен қазақстандық паралимпиадашылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып дайындалатын 10 спорттық-жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдар жасау көзделген.

Қайырымдылық көмек алушылар - паралимпиадашылар аяқтарын ампутациялаумен (тізеден төмен және жоғары) 74 160 000 теңге сомасына **5** дана санында жамбас үшін протездермен (ПН6-СОБ-модульдік) және 39 315 000 теңге сомасына **5** дана санында жамбас үшін протездермен (ПН3-СОБ-модульдік) қамтамасыз етіледі.

«Фармас» ЖШС-мен шарт шеңберінде бағдарламаның жалпы сомасы 113 475 000 теңге мөлшерінде, 2022 жылғы 27 желтоқсанда Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 56 737 500 теңге мөлшерінде 50% алдын ала төлем аударылды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
113 475 000	56 737 500	0,72%	50%



**Qazaqstan
halqyna**

ҚАҢТАР ОҚИҒАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ

2022 жыл ішінде Қор Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасынан қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендердің тізімі (Бас прокуратура Қорға сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталуына қарай зардап шеккендердің тізімін беріп отырды), қаза тапқан және ауыр жараланған әскери қызметшілердің, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің тізімдері түрінде, сондай-ақ қайтыс болған отбасыларда қалған кәмелетке толмаған балалар туралы ақпараттың түсуіне қарай қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылы Қор қайғылы қаңтар оқиғалары барысында зардап шеккен 542 адамға жалпы сомасы 2 млрд 118 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылғы 11 тамыз – 8 қыркүйек кезеңінде Қор «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде Қазақстан Республикасы жараланған азаматтарының **3** отбасына жалпы сомасы 9 000 000 теңгеге 3 000 000 теңгеден қайырымдылық көмек аударды, бұл осы қайырымдылық көмектің жалпы құнының 0,43%-ын құрайды.

Бағдарларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
2 118 000 000	9 000 000	0,11%	0,42%



Qazaqstan
halqyna

11 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ТӨСЕК ЖӘНЕ 14 НАУҚАСҚА АРНАЛҒАН 3 ТӨСЕК-ОРЫН ЛИФТІ САТЫП АЛУ

Қордың электрондық порталына келіп түскен ауыр жағдайдағы науқас азаматтарды мамандандырылған медициналық төсектермен қамтамасыз ету өтінішімен **11** өтінімге және қозғалыс функциясы шектеулі адамдарды төсек жанындағы көтергіштермен қамтамасыз ету бойынша **3** өтінімге жауап ретінде Қор Басқармасының 18.08.2022 ж. № 31 отырысымен Қазақстан Республикасының ауыр жағдайдағы науқас болып табылатын 14 азаматына жалпы сомасы **8 757 000** теңгеге қайырымдылық көмек көрсету туралы оң шешім қабылданды:

- Астана қаласынан 3 өтініш беруші,
- Алматы қаласынан 1 өтініш беруші,
- Павлодар қаласынан 1 өтініш беруші,
- Қарағанды облысынан 2 өтініш беруші (Қарағанды қ. және Саран қ.),
- Атбасар қаласынан 2 өтініш беруші,
- Өскемен қаласынан 2 өтініш беруші,
- Тараз қаласынан 1 өтініш беруші,
- Ақтау қаласынан 1 өтініш беруші,
- Қостанай қаласынан 1 өтініш беруші,
- Талдықорған қаласынан 1 өтініш беруші.

2022 жылғы 8 қыркүйекте Қордың «FORTEBANK» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 11 мамандандырылған медициналық төсек және 3 төсек жанындағы көтергіш үшін 8 757 000 теңге аударылды.



Бағдарларының жалпы құны, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «FORTEBANK» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
8 757 000	8 757 000	0,11%	100%